

"1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 622

"1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432 U973432_ Жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

белгіленген квотаның шегінде тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттарды қоныстандыруды ұйымдастырсын;

қоныс аударушылар отбасыларының еңбекке жарамды ересек мүшелерін біліктілігіне және мамандығына сәйкес еңбекке орналастыру жөнінде, сондай-ақ оларды қажетті мамандықтарға даярлау және қайта даярлау жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға келген босқын-репатрианттарды әлеуметтік қамтамасыз ету, оның ішінде оларға Қазақстан Республикасының заңдарына , сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау мәселелерін шешсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының босқын-репатрианттардың қоныс аударуын және оларды жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

босқын-репатрианттардың қоныс аударуын, оларды көшіріп әкелуді, қабылдауды және жайластыруды ұйымдастыруға арналған шығыстарды жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін. Олардың қатаң мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

қажет болған жағдайда облыстық бейімделу пункттерін ұстауға қаражат бөлуді қарастырсын;

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне босқын-репатрианттарды жинақы қоныстандыру үшін аудандардың, елді мекендердің, сондай-ақ олар туыстық және шаруашылық-өндірістік байланыстары ескеріле отырып еңбекке орналастырылатын меншіктің түрлі нысанындағы ұйымдардың тізбесін ұсынсын;

босқын-репатрианттарды қабылдауды және жайластыруды қамтамасыз етсін.

Белгіленген тәртіппен тұрғын үйлер салу және шаруашылық қызмет үшін жер учаскелерін бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

шетел мемлекеттерінің тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген отандастардың мүлiктік және азаматтық құқықтарын қорғау жөнiндегi мәселелердi пысықтасын;

босқын-репатрианттардың шығуы және транзиттік жүруі мәселелері бойынша тиісті елдер арқылы өту кезінде оларға жәрдем көрсету туралы тілек білдіре отырып, дипломатиялық арналған бойынша тиісті мемлекеттердің үкіметтеріне өтініш жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының аумағында қызмет ететін авиакомпаниялар Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп адамдар мен олардың үй мүлiктерiн олар шығатын мемлекеттердiң аумағынан орналастыру мекеніне дейін тасымалдаудың тәртібін айқындасын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті қажет болған жағдайда қосымша уақытша кеден бекеттерін ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қажет болған жағдайда ТМД-ға кірмейтін мемлекеттерден келген босқын-репатрианттарды шекаралық ресiмдеу үшiн уақытша бақылау-өткiзу бекеттерiн ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

босқын-репатрианттардың Қазақстан аумағы бойынша жүру жолында және қоныстанған жерлерінде және бастары мен мүлiктерiнiң қауiпсiздiгiн;

келген босқын-репатрианттарды дер кезінде тіркеу мен олардың тұруға және республика аумағы бойынша жүріп-тұруына арналған құжаттарын ресiмдеудi;

тұрақты тұруға рұқсат алған және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тілек білдірген адамдардың қажетті құжаттарын ресiмдеудi қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі республикаға келген босқын-репатрианттарды тегін медициналық тексеруді ұйымдастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкестігін ескере отырып, көшіп келушілердің шетелде алған білімдері туралы құжаттардың тең бағалығын тануды қамтамасыз етсін. Қажет жағдайда оларды кәсіптік оқу орындарында өтпелі оқу жоспарлары және қысқартылған мерзімдер бойынша қосымша оқытуды ұйымдастырсын.

Босқын-репатрианттардың балаларын жергілікті бюджеттегі білім беру

мекемелерінде тегін оқытуды және тәрбиелеуді, сондай-ақ ересек халықты қажет болған жағдайда қосымша кластар мен мектептер ашып, сауаттылыққа, қазіргі қазақ әліппесіне оқытуды ұйымдастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі шығатын мемлекеттен қоныстанатын жерге дейін көшіп келетін босқын-репатрианттардың жекеменшік малдарын айдап әкелуде, тасымалдауда және мал дәрігерлік бақылауды ұйымдастыруда жәрдем көрсетсін.

11. Жоғарыда көрсетілген министрліктер мен мемлекеттік комитеттер 1998 жылдың қаңтарының соңына Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау үшін 1998 жылдың 10 қаңтарына дейін осы қаулының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ақпарат ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі